

ISSN (Print) 2616-678X  
ISSN (Online) 2663-1288

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің

# ХАБАРШЫСЫ

---

## BULLETIN

of L.N. Gumilyov  
Eurasian National University

## ВЕСТНИК

Евразийского национального  
университета имени Л.Н. Гумилева

**ФИЛОЛОГИЯ** сериясы  
Серия **ФИЛОЛОГИЯ**  
**PHILOLOGY** Series

**№4(129)/2019**

1995 жылдан бастап шығады

Издается с 1995 года

Founded in 1995

Жылына 4 рет шығады

Выходит 4 раза в год

Published 4 times a year

Нұр-Сұлтан, 2019

Nur-Sultan, 2019

Нур-Султан, 2019

---

---

Бас редакторы **Дихан Қамзабекұлы**  
*филология ғылымдарының докторы, ҚР ҰҒА академигі (Қазақстан)*

Бас редактордың орынбасары **Шолпан Жарқынбекова**  
*филология ғылымдарының докторы, проф. (Қазақстан)*

**Редакция алқасы**

Аскер оғлы Рамиз	ф.ғ.д., проф. (Әзербайжан)
Ақматалиев Абдылдажан	ф.ғ.д., проф. (Қырғызстан)
Аймұхамбет Жанат	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Бахтикиреева Улданай	ф.ғ.д., проф. (Ресей)
Беженару Людмила	ф.ғ.д., проф. (Румыния)
Бейсембаева Жанаргүл	ф.ғ.к. (Қазақстан)
Біжкенова Айгүл	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Жақыпов Жантас	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Журавлева Евгения	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Жаң Динжиң	PhD, проф. (Қытай)
Ескеева Мағрипа	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Ержласун Гүлжанат	PhD, проф. (Түркия)
Қасқабасов Сейіт	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Негимов Серік	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Нұрғали Қадиша	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Нуриева Фануза	ф.ғ.д., проф. (РФ, Татарстан)
Райхл Карл	ф.ғ.д., проф. (Германия)
Рахманов Носимхан	ф.ғ.д., проф. (Өзбекстан)
Риверс Уильям Патрик	PhD, проф. (АҚШ)
Сәтенова Серіккүл	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Тәжібаева Сәуле	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Тұрысбек Рақымжан	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Хисамитдинова Фирдаус	ф.ғ.д., проф. (РФ, Башқұртстан)
Чернявская Валерия	ф.ғ.д., проф. (Ресей)
Шәріп Амантай	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Шәріпова Гүлбану	ф.ғ.к., доцент м.а. (Қазақстан)
Экиджи Метин	PhD, проф. (Түркия)
Янковски Хенрих	PhD, проф. (Польша)

Редакцияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ., Қ.Сәтбаев к-сі, 2, 402 каб.

Тел.: +7(7172) 709-500 (ішкі 31-413)

**E-mail: vest\_phil@enu.kz**

Жауапты редактор, компьютерде беттеген: Илияс Құрманғалиев

**Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. ФИЛОЛОГИЯ сериясы**  
Меншіктенуші: ҚР БжҒМ «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» ШЖҚ РМК  
ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 27.03.2018 ж. №16996-Ж тіркеу куәлігімен тіркелген.  
Мерзімділігі: жылына 4 рет. Тиражы: 35 дана  
Типографияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ., Қажымұқан к-сі, 12/1,  
тел.: +7(7172)709-500 (ішкі 31413)

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

---

---

Editor-in-Chief **Dikhan Kamzabekuly**  
*Doctor of philology, academician of NAS RK (Kazakhstan)*

Deputy Editor-in-Chief **Zharkynbekova Sholpan**  
*Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)*

**Editorial board**

Asker ogly Ramiz	Doctor of philology, Prof. (Azerbaijan)
Akmataliyev Abdildajan	Doctor of philology, Prof. (Kyrgyzstan)
Aimukhambet Zhanat	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Bakhtikireeva Uldanai	Doctor of philology, Prof. (Russia)
Beisembayeva Zhanargul	Can. of philology (Kazakhstan)
Bezhenaru Lyudmila	Doctor of philology, Prof. (Romania)
Bizhkenova Aigul	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Chernyavskaya Valeriya	Doctor of philology, Prof. (Russia)
Erzhiasun Güljanat	PhD, Prof. (Turkey)
Yeskeyeva Magripa	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Henryk Jankowski	PhD, Prof. (Poland)
Kaskabassov Seit	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Khisamitdinova Firdaus	Doctor of philology, Prof. (RF, Bashkortostan)
Metin Ekiji	PhD, Prof. (Turkey)
Negimov Serik	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Nurgali Kadisha	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Nurieva Fanuza	Doctor of philology, Prof. (RF, Tatarstan)
Reichl Karl	Doctor of philology, Prof. (Germany)
Rakhmanov Nasimhon	Doctor of philology, Prof. (Uzbekistan)
Rivers William Patrick	PhD, Prof. (USA)
Satenova Serikkul	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Sharip Amantay	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Sharipova Gulbanu	Can. of philology, assos. Prof. (Kazakhstan)
Tazhybayeva Saule	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Turysbek Rakymzhan	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Zhakypov Zhantas	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Zhang Dingjing	PhD, Prof. (China)
Zhuravleva Yevgeniya	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)

Editorial address: 2, Satbayev str., of. 402, Nur-Sultan, Kazakhstan, 010008  
Tel.: +7(7172) 709-500 (ext. 31-413)

**E-mail: vest\_phil@enu.kz**

Executive editor, computer layout: Ilyas Kurmangalyev

**Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University PHILOLOGY Series**

Owner: Republican State Enterprise in the capacity of economic conduct «L.N.Gumilyov Eurasian National University» Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan

Registered by Ministry of Information and Communication of the Republic of Kazakhstan. Registration certificate No 16996-Ж from 27.03.2018

Periodicity: 4 times a year Circulation: 35 copies

Address of printing house: 12/1 Kazhimukan str., Nur-Sultan, Kazakhstan 010008; tel.: +7(7172) 709-500 (ext. 31413)

© **L.N. Gumilyov Eurasian National University**

---

---

Главный редактор **Дихан Камзабекулы**  
*доктор филологических наук, академик НАН РК (Казахстан)*

Зам. главного редактора **Шолпан Жаркынбекова**  
*доктор филологических наук, проф. (Казахстан)*

**Редакционная коллегия**

Аскероглы Рамиз	д.ф.н., проф. (Азербайджан)
Акматалиев Абдылдажан	д.ф.н., проф. (Киргизстан)
Аймухамбет Жанат	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Бахтикиреева Улданай	д.ф.н., проф. (Россия)
Беженару Людмила	д.ф.н., проф. (Румыния)
Бейсембаева Жанаргуль	к.ф.н. (Казахстан)
Бижкенова Айгуль	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Жакыпов Жантас	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Жан Динжин	PhD, проф. (Китай)
Журавлева Евгения	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Ескеева Магрипа	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Ержласун Гульжанат	PhD, проф. (Турция)
Каскабасов Сеит	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Негимов Серик	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Нургали Кадиша	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Нуриева Фануза	д.ф.н., проф. (РФ, Татарстан)
Райхл Карл	д.ф.н., проф. (Германия)
Рахманов Насимхон	д.ф.н., проф. (Узбекистан)
Риверс Уильям Патрик	PhD, проф. (США)
Сатенова Сериккуль	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Тажибаева Сауле	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Турысбек Рахимжан	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Хисамитдинова Фирдаус	д.ф.н., проф. (РФ, Башкортостан)
Чернявская Валерия	д.ф.н., проф. (Россия)
Шарип Амантай	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Шарипова Гульбану	к.ф.н., и.о. доцент (Казахстан)
Экиджи Метин	PhD, проф. (Турция)
Янковский Хенрих	PhD, проф. (Польша)

Адрес редакции: 010008, Казахстан, г. Нур-Султан, ул. К.Сатпаева, 2, каб. 402

Тел.: +7(7172) 709-500 (вн. 31-413)

**E-mail: vest\_phil@enu.kz**

Ответственный редактор, компьютерная верстка: Ильяс Курмангалиев

**Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. Серия ФИЛОЛОГИЯ**  
Собственник: РГП на ПХВ «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева» МОН РК  
Зарегистрирован Министерством информации и коммуникаций РК под номером №16996-Ж от 27.03.2018г.  
Периодичность: 4 раза в год Тираж: 35 экземпляров  
Адрес типографии: 010008, Казахстан, г. Нур-Султан, ул. Кажимукана, 12/1, тел.: +7(7172)709-500  
(вн. 31413)

© Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева

---

---

## Мазмұны

### *Фольклор және әдебиеттану*

<i>Азкенова Ж., Оразаева Қ.</i> Н. Гогольдің «Ескілікті помещиктер» повесіндегі Данте архетипі және апостасиясы .....	8-15
<i>Байділдаева Н., Негимов С.</i> Жетес би тағылымы .....	16-23
<i>Байтанасова Қ.</i> Мәтін теориясының кейбір мәселелері .....	24-31
<i>Есенова А., Оразбек М.</i> Ғалым Жайлыбай поэзиясындағы жаңа ізденістер .....	32-38
<i>Жапанова М., Нұрманова Ж.</i> Асанәлі Әшімовтің «Арылу прозасы»: жанрлық әртектілігі .....	39-46
<i>Қалиева А., Маукеева А., Рысбаева А.</i> Герольд Бельгердің шығармашылық даралығының қалыптасуы .....	47-52
<i>Қожашев М.</i> Жамбылдың жыршылық өнері: қалыптасуы мен ерекшелігі .....	53-60
<i>Мәжіева Н., Балтабаева Н., Юсуп П.</i> Қазақ эпостарында полигамиялық некенің көркем бейнеленуі .....	61-66
<i>Найманбай А.</i> Заман шындығы: ақиқат пен көркемдік шешім сабақтастығы ...	67-72
<i>Саликжанова Ш., Карипжанова Г.</i> Қазіргі қазақ жастар поэзиясындағы қоғам бейнесі .....	73-79
<i>Сайлауова А.</i> Жыршы-жыраулар мектептерінің зерттелуі .....	80-86
<i>Сейсенбиева Э., Мәдібаева Қ., Юсуп А.</i> Ы.Алтынсариннің «Шариат-ул ислам» еңбегіндегі мұсылман ағартушылығы .....	87-92

### *Лингвистика және әдістеме*

<i>Абдыханова Б., Мейрамбекова Л.</i> Прецедентті есімдер: фольклордың ықпалы және әлем мәдени кеңістігіндегі орны (неміс тілі материалы негізінде) .....	93-98
<i>Біжкенова А., Сәбитова Л.</i> Құрылымдық бөлімшенің ғылыми қызметі - университеттің даму компоненттерін зерттеудің маңызды бағытының бірі ретінде .....	99-107
<i>Досжан Г.</i> Кірме сөз мәселелерін зерттеудегі интегративтік тәсілдер .....	108-118
<i>Ербулатова И., Салимов Т.</i> «Тағам» атауы: лексика-семантикалық аядағы мәдени-таңба бірліктері .....	119-124
<i>Жұмағұлова А., Сыздықова Г.</i> Лингвэкология және медиакөңістік .....	125-132
<i>Жұмаханова А., Біжкенова А.</i> Бағалау - қарым-қатынастың сөйлеу актісі .....	133-140
<i>Ильясова Н.</i> Синтагма – тіл теориясы мен танымды байланыстырушы бірлік ....	141-150
<i>Кадеева М., Дмитрюк Н., Нарожная В.</i> Атаулы грамматикалық категориялардың имплициттілігі .....	151-158
<i>Тулеубаева С.</i> Лингвофилософиялық дәстүр сабақтастығы: әл-Фарабиден В. фон Гумбольдке дейін .....	159-166
<i>Өтебалиева Г., Қасқабасова Х.</i> Коммуникативтік құзіреттілік - шет тілін оқыту үдерісін зерттеу аспектісі .....	167-176
<i>Шингарева М., Нарожная В.</i> Рождестволық құттықтауларды талдау ерекшелігі - саяси дискурсы элементі .....	177-184

### *Әдеби шолу*

<i>Қайыржанов А.</i> Шәкәрім. Шынайы ізгілікті іздеу .....	185-189
--	---------

---

---

## Contents

### *Folklore and Literary Studies*

<i>Azkenova Zh., Urazayeva K.</i> Dante's archetype and apostasy in the novel of «Old World Landowners» by N. Gogol .....	8-15
<i>Beydildaeva N., Negimov S.</i> Jetes Biy's Edification .....	16-23
<i>Baitanasova K.</i> On Some Issues of Text Theory .....	24-31
<i>Yessenova A., Orazbek M.</i> The latest research related to the poetry of Galym Zhaylybay .....	32-38
<i>Zhapanova M., Nurmanova Zh.</i> Assanali Ashimov's «Confession Prose»: Genre Diversity .....	39-46
<i>Kalieva A., Maukeeva A., Rysbaeva A.</i> Formation of Herold Belger's Creative Individuality .....	47-52
<i>Kozhashev M.</i> Zhambyl's Poetic Art: Formation and Poetry .....	53-60
<i>Mazhyeva N., Baltabaeva Nazim, Yussup P.</i> The Art Image of Polygam Marriage in Kazakh Epics .....	61-66
<i>Naimanbai A.</i> Reality of the Era: Continuity of Truth and Literary Solutions .....	67-72
<i>Salikzhanova Sh., Karipzhanova G.</i> The image of society in modern Kazakh poetry ...	73-79
<i>Sailauova A.</i> On Research of Zhyrshy-Zhirau Schools .....	80-86
<i>Seisenbiyeva E., Madibayeva K., Yussup A.</i> Muslim Enlightenment in Y. Altynsarin's Works «Shariat-ul Islam» .....	87-92

### *Linguistics and methodics*

<i>Abdykhanova B., Meirambekova L.</i> Precedent Names: Influence of Folklore and Its Place in World Cultural Space (based on the German language) .....	93-98
<i>Bizhkenova A., Sabitova L.</i> Scientific Activity of Structural Divisions as One of the Important Components in the Development of a Research University .....	99-107
<i>Doszhan G.</i> Integrative Approaches to Studying Borrowed Words .....	108-118
<i>Yerbulatova I., Salimov T</i> Culture-Marked Units of the Lexical-Semantic Field «Food» ....	119-124
<i>Zhumagulova A., Syzdykova G.</i> Linguoecology and Media Space .....	125-132
<i>Zhumakhanova A., Bizhkenova A.</i> Evaluation as a Speech act of Communication .....	133-140
<i>Ilyassova N.</i> Syntagma – a Unit Combining Language and Cognitive Theory .....	141-150
<i>Kadeyeva M., Dmitryuk N., Narozhnaya V.</i> On Implicitness of Nominal Grammatical Categories .....	151-158
<i>Tuleubayeva S.</i> Linguophilosophy from al-Farabi to V. von Humboldt: Continuity of Tradition .....	159-166
<i>Utebalieva G. , Kaskabassova Kh.</i> Communicative Competence: As an Aspect in Studying the Process of a Foreign Language Acquisition .....	167-176
<i>Shingareva M., Narozhnaya V.</i> Peculiarities of Analyzing Christmas Messages as an Element of Political Discourse .....	177-184

### *Literature Review*

<i>Kairzhanov A.</i> Shakarim. The quest for absolute good .....	185-189
--	---------

---

---

## Содержание

### *Фольклор и литературоведение*

<i>Азкенова Ж., Уразаева К.</i> Дантовский архетип и апостасия в «Старосветских помещиках» Н. Гоголя .....	8-15
<i>Бейдильдаева Н., Негимов С.</i> Назидания Жетес бия .....	16-23
<i>Байтанасова К.</i> О некоторых проблемах теории текста .....	24-31
<i>Есенова А., Оразбек М.</i> Поэзия Галыма Жайлыбая в свете новых исследований ...	32-38
<i>Жапанова М., Нурманова Ж.</i> «Исповедальная проза» Асанали Ашимова: жанровое многообразие .....	39-46
<i>Калиева А., Маукеева А., Рысбаева А.</i> Становление творческой индивидуальности Герольда Бельгера .....	47-52
<i>Кожашев М.</i> Поэтическое искусство Жамбыла: становление и особенности.....	53-60
<i>Мажиева Н., Балтабаева Н., Юсуп П.</i> Художественное изображение полигамного брака в казахских эпосах .....	61-66
<i>Найманбай А.</i> Реальность эпохи: преемственность правды и художественного решения .....	67-72
<i>Саликжанова Ш., Карипжанова Г.</i> Образ общества в современной казахской молодежной поэзии .....	73-79
<i>Сайлауова А.</i> Об исследованиях сказительских школ (школ жырышы и жырау) ...	80-86
<i>Сейсенбиева Э., Мадиева Қ., Юсуп А.</i> Мусульманское просветительство в трудах Ы.Алтынсарина «Шариат-ул ислам» .....	87-92

### *Лингвистика и методика*

<i>Абдыханова Б., Мейрамбекова Л.</i> Прецедентные имена: влияние фольклора и его место в мировом культурном пространстве (на материале немецкого языка) .....	93-98
<i>Бижкенова А., Сабитова Л.</i> Научная деятельность структурных подразделений как одна из важных составляющих развития исследовательского вуза .....	99-107
<i>Досжан Г.</i> Интегративные подходы к изучению заимствованных слов .....	108-118
<i>Ербулатова И., Салимов Т.</i> Культурно-маркированные единицы лексико-семантического поля «Еда» .....	119-124
<i>Жумагулова А., Сыздыкова Г.</i> Лингвоэкология и медиапространство .....	125-132
<i>Жумаханова А., Бижкенова А.</i> Оценка как речевой акт коммуникации .....	133-140
<i>Ильясова Н.</i> Синтагма – единица, связывающая теорию языка и познания .....	141-150
<i>Кадеева М., Дмитрюк Н., Нарожная В.</i> Об имплицитности именных грамматических категорий .....	151-158
<i>Тулеубаева С.</i> Преемственность традиций в лингвофилософии: от аль-Фараби к В.фон Гумбольдту .....	159-166
<i>Утебалиева Г., Каскабасова Х.</i> Коммуникативная компетенция как аспект в изучении процесса усвоения неродного языка .....	167-176
<i>Шингарева М., Нарожная В.</i> Особенности анализа рождественских поздравлений как элемента политического дискурса .....	177-184

### *Рецензия*

<i>Каиржанов А.</i> Шакарим. Поиски абсолютного добра .....	185-189
---	---------

XFTAMP 19.02.05.

Назерке Байділдаева<sup>2</sup>, Серік Негимов<sup>1</sup>

Л.Н. Гумилев ат. Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан  
(E-mail: <sup>1</sup>erke\_94\_naz@bk.ru, <sup>2</sup>negimov@mail.ru)

### Жетес би тағылымы

**Аңдатпа.** Бұл мақалада Сыр өңірі билерінің бірі, өз заманында от ауызды орақ тілді шешендігімен көзге түскен Жетес би турасында кеңірек тоқталдық. Бидің ғұмырнамасымен танысып, өзі өмір сүрген кезеңдегі ойып алар орны туралы сөз қозғадық. Сонымен бірге Жетес бидің өз аузынан шыққан ұтқыр сөздері мен кейінгі буынға қалдырған кемел істері, көрегендік қасиетіне шолу жасадық. Сондай-ақ, әлеуметтік-қоғамдық мәселелерді шешудегі рөлі мен жетім-жесір дауының шешімін шығарудағы кемеңгерлігі турасында айттық. Жетес бидің тапқыр шешен, көреген көсем ғана емес, адамды тану және заманды болжау тұрғысынан сәуегей болғанына көз жеткіздік. Бүгінгі ұрпақ ақыл теңізіне сүңгіп, білім нәрімен сусындап, тағылымға толы тәрбиеге қанық болуы үшін шешендік өнер мен би-шешендер нақыл сөздерінің маңызы зор.

**Түйін сөздер:** Жетес би, би-шешендер, шешендік өнер, сәуегейлік, нақыл сөздер.

**DOI:** <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2019-129-4-16-23>

**Кіріспе.** Біқылым заманнан бері адамзат баласы рухани болмысының негізгі қайнар көзі – шешендік өнер мен философия ілімі саналған. Әуел бастан-ақ бұл салалар әдебиет әлемінің ең басты жүйесі болып есептелген. Асылында, риторика мен оның теориясы – ұлттық мәдениеттің ажырамас бөлшегі іспетті.

Шешендік өнердің тарихы туралы сөз еткенде, біз оны азаматтың қалыптасуындағы мәдениет тарихымен сабақтастыра байланыстырамыз. Сондай-ақ Грекия мәдениеті риториканы «өнердің патшасы» деп атағанына куәміз. Біздің заманымызға дейінгі 594 жылы өмір сүрген Афина билеушісі Солонның шығарған заң ережесіне сүйенсек, сол елдің азаматы сот процесінде өзін-өзі қорғау үшін тілге жүйрік, сөзге шешен болуы міндетті саналған. Сол секілді әр халықтың, әр заманның, әр уақыттың өз шешені, билеушісі және көш бастар көсемі болған. Осындай ұлттық ерекшеліктер, біздің халқымызды да айналып өтпеген. Қызыл тілге жүйрік, топ бастар тапқыр, шайырлар мен шешендер туралы сөз еткенде біз көп нәрсе айта аламыз.

Қазақ қоғамы қай тұста болмасын тура жолды танытар, әділдікті ту еткен би-шешендерге кенде болмаған. Оқымысты Ш.Уалихановтың көрсетуінше билерді халық бағалап, танып, ел ішінде «би» атап отырған. Бұл тұрғыда халық арасында дауысқа салып сайлап немесе үкімет тарапынан тағайындамаған. Шын мәнісінде би шешендігін, әділдігін, туралығын айта алатынын халық арасында көрсете білген. Би атағын алған адамдар әр істе адалдықты ту еткен әділ, төрелігін тауып айтар данагөй және халықтың жанашыр қамқоры. Сол үшін де халық арасында «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деген сөз таралған. Сыр елі тарихынан есімі белгілі от ауызды, орақ тілді, әділетті шешім шығара алғандығымен халықтың ықыласына бөленген билердің бірі – Жетес би.

Жетес би туралы алғысөз. Жетес би Кіші жүз құрамындағы Әлімұлы тайпасы, Шекті руының Жақайым әулетінен шыққан. Ол ел арасындағы даулы мәселелерді шешуде шешен сөйлеп шешіп айтар, тура сөйлеп кесіп айтар тапқырлығымен көзге түскен. Халық қамын ойлаған болыс ретінде де ел құрметіне бөленіп, Райым, Шыбынды болыстарын басқарған. Оның билік кесімдері, шешендік сөздері халыққа кеңінен танылып, ел арасында “Тілді би” атанған. Жетес би Мыңбайұлы 1835 жылы Қызылорда облысы, Арал ауданы, Райым фортына жақын ауылда туған.



Өз заманыңда қара қылды қақ жарып, әділ билік айтып, ел намысын қорғаған, «кімсің, Жетес би» атанған Жақайым Жетес би әуелі өзін ел жұртқа таныстырарда:

Арғы атам ұлы Шекті, Жібек апам,  
Сонан соң Тілеу, Қабақ, ол да бабам.  
Бергі атам қойлы Дәкен, Жетес бимін

Мекенім – Арал, Шалқар, құмды далам... -деп термелей таныстырады екен. Атағы жер жарған, қазақ қызының эталонына айналған керім сұлу Қыз Жібектей арудың атын естіген жұрт «Ә, Шекті елінен шыққан атақты Қыз Жібектің ұрпағы екенсіз ғой» деп, Жетес биге айырықша құрмет көрсеткен деседі. Жетес бидің шыққан тегі туралы тарқата айтатын болсақ: Кіші жүз Бекарыс – Ордаш – Мөңке – Шаншар – Тұлпар – Тоқпан – Алау – Алшын – Құдияр – Қайырбай, Қайырбайдан Байсары, Әлім Шөмен. Әлімнен Байсары (Кете), Айқын, Ұланақ, Жаманақ, (Шекті), Тайқожа, Тегенболат. Қараманақ аталары шығады. Жаманақтан Шыңғыс, Өріс, Баубек, Мәку. Мәкуден - Айт, Бұжыр, Назар, Жәкей – Шүрек, Айттан – Тілеу, Қабақ. Тілеуден – Әлдеберді, Есіркемес, Мөңке, Әтембек, Жақсымбет. Әлдебердіден, Қозыбай. Қозыбайдан – Қырмандай, Бейіс, Сүйіндік, Сәдібек. Сәдібектен – Жоңлыбай, Қуат, Қуаныш, Дәкен. Дәкеннен – Жүзбай, Мыңбай. Мыңбайдан – Таңқай, Таубай, Назарбай, Жүндібай, Жаный...(үш баласының аты белгісіз) одан соң Жетес екен. Демек, Жетес би Мыңбайдың тоғызыншы ұлы – ең кенжесі, болғанын байқауға болады. Ал Жетестен Сүлеймен, одан Тұраш, Сэнтай, Асқар, Абылай, Болат, Марат және үш қыз туған. Осы деректерді бізге жеткізіп отырған Жетес бидің немересі - Сэнтай Жетесов [1.1 б.].

Жетес бидің шешендік атағы ең алдымен, Сыр Шектісі, Қыр Шектісі деп аталатын елдер арасында мәлім болған. Орта жасқа келгенде оның билік даңқы бір жағы Орынбор, бір жағы Қарақалпақ халқы арасына жайылған. Әділ төрелігі, шешендік алғырлығы үшін ел - жұрт оны құрметтеп, арнайы ат жіберіп алдыратын болған.

Жетес би төрелігін айтқан түйінді даулар туралы. Жетес би туралы деректер архивтерде, жазба әдебиеттерде көп ұшыраса бермейді. Десек те, Жетес бидің тауып айтар тапқырлығы мен кесіп айтар туралығы ел жадында сақталған. Мәселен, атасының елден ерекше қызық бір әдеті болғанын шөбересі Айтбазар Жанәліұлы былай әңгімелейді: Бидің қалтасынан үнемі ет салатын тері шанашы мен жол дастарқаны қалмайды екен. Қонақасы беріп, өзін сыйлаған үйдің берекелі мол дастарқанынан артылған бауырсақ, нан, жақана ет, өрік, мейізді әлгі шанашына салып алып, жолда кездескен жолаушыны тамақтандырып сыйлап жібереді екен.

Бір жолы оған баласын арқалаған әйел кездеседі...Жетес:

- Кім боласың, қайдан келесің? – дейді.

Әлгі әйел:

- Шөмекей елінің келіні едім, күйеуім өліп, жесір қалған соң, төркінімді іздеп барамын, - дейді.

Ыстық, аңызға күнде өзі шөліккеп, ашығып келе жатқан әйелді тоқтатады. Өзі және қасындағы екі серігі аттарынан түседі. Жетес би ат үстіндегі қоржынын түсіріп, дастарқанын жол шетіне жаяды. Бауырсақ, жақана ет, өрік мейізді төгеді.

- Ал, қалқам, өзің де, балаң да ашығып келе жатқан шығарсындар, ұялмандар, - дейді. Ашығып, өзегі талып келе жатқан әлгілердің өзегін жалғап, тойынып қалады. Жетес би:

- Жесіріне ие бола алмайтын не қылған ел еді?! – деп, әйелден бар болған жайды сұрап алады.

- Қайын, қайнағаларың кім деген еді? Ауылыңның ақсақалдары кім болады? Мен Жетес деген Шекті елінің биімін. Бара жатқан дау-шаруамызды шешіп, бітірген соң, әдейілеп Шөмекей еліне соғамын. Олар артыңнан іздеп баратын болады. Сонда еншінді, ақынды алып беремін. Әзірше, «жол ақысы жүрсе бітеді» деген, төркін жұртыңа жетіп, аунап-қунап жата бер... Жетес би балалы әйелге жолазық беріп, ақылын айтып, жөн сілтепті дейді ел [1.2].

Бұл әңгімеден Жетес бидің ерекше әдетін ғана емес, сол замандағы жетім мен же-сірлердің өміріне би-шешендердің бей-жай қарамайтындығын аңғаруға болады. Бұрынғы-ның билері тек халықтың әлеуметтік жағдайына ғана араласып қоймай, кез-келген мәсе-леге қазіргінің сот жүйесіне сәйкестендірілген талаптар негізінде араласа алу құқығына ие болған. «Тура биде туған жоқ» деген мақалдың да дәл осы тұста атқарар қызметінің жоғары екені аңғарылады. Өйткені би қай уақытта болмасын, өзінің абыройы мен дәреже-сін даулы мәселелерде әділ шешім шығарып қана қоймай, зардап шегуші тараптың шығы-нын ешкімге зиян келтірмей, айыпты тараптың өтеп беруін дұрыс шешу арқылы сақтап отырған. Адамдар бұл аталған даулы мәселелердің шешімін тек әділ, тура билерге жолдың алыстығына қарамай шешкізуге тырысқан. Жетес бидің әділдігі мен туралығы оның көпте-ген даулы шешімдердің түйінін шешкен тура би екенін аңғартады.

Біздің қазақтың тарихында тоқсан ауыз сөздің түйінін айтып, кез-келген даудың шешімін шығарар бітімгер билер болғаны белгілі. Жетес бидің де өз заманында түйіні шешілмеген мәселелерді шешіп, екі жақты татулыққа шақырар шешен сөздері ел аузында әлі сақтаулы. Ерте кездегі би-шешендердің елдегі қоғамдық-саяси жағдайларды реттеуде, екі ел арасындағы татулықты сақтауда, бір ауыз сөзбен бүтін жауды тоқтатып, бүкіл дауды шешуде орны ерекше болғанын аңғарамыз. Жетес бидің осыған дәлел болар бір жайын айтайық:

Қыр еліндегі Төртқара ағайындары бір жылы ушыққан даудың төркінін шешіп бер-сін деп Жетес биді ат жіберіп, алдырады. Сол жолы ол Төртқараның Асылбай деген ауқатты адамының үйіне түсіпті. Жетестің қасында өзіне хатшы етіп ертіп жүрген молда баласы бар екен. Ол Қазандағы медресені бітірген, көп сөзге жоқ момын болса керек.

Дастарқан үстінде Асылбай сөзден сөз шығарып отырып:

- Жетеке, мына қасыңа ертіп жүргенің бала екен, өзі шарифатқа шала екен. Жаныңа ерткен соң жүйрік молдалардан ертпедің бе? – депті.

Сонда Жетес ойланбастан:

- Ей, Есеке-ай, ағаштың емені жақсы, молданың өзіңнен төмені жақсы немесе мол-даның жаманы жақсы, халқыңның аманы жақсы. Солай емес пе ағайын? – деп көпшілік қарапты. Жетестің табанда сөз тапқанына ырзалығын білдіріпті [1.3 б.].

Бұл жерде Жетестің шаршы топта тосылмай сөз тапқанының өзі шешендік өнерінің биік деңгейде екенінің дәлелі. Онымен қоса, ол хат таныған баланы жассынбай өзімен бір-ге ел арасына ерте жүріп, үлкен істерге тәрбиелеуі. Кекесінмен сөйлеген Асылбайға әдемі сөзбен ғана емес, әсерлі жауап бере алғандығы Жетес бидің көрегенділігінің көрінісі.

«Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін» орнымен, дәл тауып айта білу үлкен ше-шендікті қажет ететін өнердің бір қыры. Жетес бидің осы отырыста берген жауабы оның шешендік өнерді жоғары деңгейде меңгерген дана бабаларымыздың қатарынан екенін көр-сетеді. Осы аңызда айтылған жауаптан Жетес бидің бойынан психологиялық, педагогикалық дарынды байқауға болады. «Болар бала жасынан» демекші, бидің қасына ерткен баладан үміті зор, келешегіне сенімі берік. Адам тани білу – бір өнер болса, сол таныған талант иесін жастығынан тайсалмай, дүйім жұрттың алдында өзімен қатар алып жүруі – Жетес бидің көрегендігі емей немене?

Жетес бидің нақыл сөздері. Жетес би тек дау шешіп, тауып айтар қасиетімен ғана көзге түсті десек, оның болмысын аша алмаспыз. Себебі, Жетес би айналасына асқан ақылы мен дара даналығымен, найзадай түйреп түсер нақыл сөздері арқылы кеңірек та-нылған. Ол әділдікті дәріптеп, туралықты тосылмай сөйлеуге, тәрбие мен тағылымы мол шешендік сөздері арқылы насихат жасаған. Мысалы оның мына сөзі:

Әр сөзіңнің тұжырымы ақыл менен сезімде,

Әр ісіңнің тұжырымы орындалған кезінде.

Сондықтан да, көп замандас өз сөзіңе берік бол,

Соған қарап әр азамат шама қояр өзіне, - деген сөзі әр адамның ақыл таразысы

арқылы сөйлегенін, сөзің мен ісің сенің кім екеніңді көрсететінін және шамаңа қарай шамалап сөйлей алғанның дұрыс екенін көрсетеді. Сөздің мәні мен мағынасы қай кезде де сөйлеушінің деңгейін суреттеп тұрады. Сондықтан, әрбір айтылған сөзіңе сөйлегенше өзің қожасың, сөйлеген соң сөзің саған қожалық ететінін білуіміз керек.

Қазіргі таңда сөздің құдіреті туралы шетел ғалымдары өз тұжырымдарын енді ғана білдіріп жүрсе, біздің дана халқымыз сөз құдіретін сонау тамыры тереңге кететін көне замандарда-ақ түсінген. «Сөз тас жарады, тас жармаса бас жарады» деген мақалдың мағынасын тармақтап, саралап, халыққа көркемдеп жеткізу – дәл осындай сөзге ұтқыр би-шешендердің басты міндеті болды. Би-шешендер өз заманының сот, ұстаз міндеттерін атқарушы, ұлт тәрбиешісі бола білген.

Осы сарындас ақыл мен сөз тоқтамы жайында Жетес би былай дейді:

Ақыл айтқан кісіге аларамыз,  
Сондықтан, сиректеді-ау өз арамыз.  
Сөзінің тоқтамы жоқ, ұстамы жоқ  
Ағайын, бұл мінезбен не оңамыз?!

Бұл өлең шумақтары бүгінгі күнгі өз сөзіне өзі иелік ете алмайтын, ақыл айтсаң алара қарап, жау санайтын кей адамдарды айна-қатесіз суреттеп тұр деуге болады. Жетес бидің айтпағы, ақыл тыңдағаннан азбайтынымызды, сөзге тоқтай алғаннан тозбайтынымызды және осындай қасиеттерге ие бола алмасақ оңбайтынымызды бейнелеп отыр. Бұның астарында үлкен тәрбиелік мән, баға жетпес сөз құндылығы жатыр. Өлең құрылысынан байқалатын басты ерекшелік: мұнда Жетес би өз ойын айта келіп, тыңдарманына сұрақ қоя отырып, ойын аяқтайды. Яғни, тыңдарманның өзіне шешімін табуға жетелейді. Сол арқылы көпшіліктің ойлануына, бидің сөзін тыңдай отырып, сауалына жауап іздеп, өз пікірін жасауға нақты жол бастайды. Бұл құбылыс та Жетес бидің өзіндік ерекшелігінің бірі болып табылады. Тағы бірде ол дүние байлығының буына түспеу туралы сөз қозғай отырып, мына нақыл шумақтарын айтады:

Адамға мал біткеннің бәрін көрік,  
Малың болса жүрерсің болып берік.  
Іздемей-ақ табылар күлшеліге  
Баруға о дүниеге болып серік.

Бұл мал байлығының осы заманның ғана рахаты, тек жалған дүниенің азығы екенін еске салып отыр. Ал о дүниенің ақысы мал байлығымен өлшенбейтінін есте ұстап жүргеніміздің абзал екенін санаға тоқытып отыр. Жетес бидің бұл сөздерінен оның тек қана сөз мергені емес, діни сауатты адам болғанын айтуға болады. О дүниенің қамын бүгін ойла деп, барлық пенденің барар жері бір екенін дүниемен салыстыра отырып, көркем жеткізген.

Жетес би туралы ел аузында жүрген сара сөздер. Жетес би туралы әңгімелегенде оның тағы бір ел аузында жүрген қыры туралы айтпай кету мүмкін емес. Себебі, ол - ел ескермейтін емес, дәлелді түрде дәйекпен көрсетілген қасиеті.

- Жетес бабамыздың, - деп бастады Жетестің жұрағаты Алдоңғар, бір көріпкел, сәуегейлігін ауыл қариялары былай аңыздайтын.

Бір отырыста Жетес биден «Кімнің ажалы кімнен, неден?» - деп сұрапты. Сонда Жетес би:

- Басқаларыңды қайдам, осында отырған үш болыс таяққа жығылып қайтыс болады, - депті.

- Астапыралла! – деп жағасын ұстапты, бір ақсақал. - Олар кімдер екен?

Сонда Жетес баба жан-жағына қарап тұрып:

- Біреуі мынау отырған Төртқара болысы. Екіншісі мынау - Шолан болыс немесе оның ағасы Есенаман. Үшіншісі – мына менің қасымда отырған Шаманның Мырзақұлы, - депті.

Қымызға қызара бөртіп алған игі жақсылар «ой, Жетекең айта береді» деп оған онша мән бермей тарап кетеді. Арада біраз жылдар өтеді. Қыз- келіншектерге көбірек қырындап, түн қатып, үйді үйдің босағасын сығалап жүрем деп, Төртқара болысы қызғаныштың кесірінен таяққа жығылып, дүниеден қайтады. Бұл – бір.

Екі ел арасындағы төбелесте Шолан болыс пен оның ағасы Есенаман сойылға жығылып, Шолан ауыр жаракаттанып аман қалады да, Есенаман өліп кетеді. Оқиға былай болады:

Кіші жүз алтон елінде сол атырапқа әншілік, сал-серілік, батырлық атағы жайылып кеткен Батақтың Сарысы деген сері жігіт болады.

Баласы мен Батақтың, атым - Сары,  
Дейтұғын «сары, сары» жұрттың бәрі.  
Мырзағұл шырақ алып түсті соңға,

Оның да мендей болсын балалары, -дейтін әні елден-елге тарап кеткен сол сары салға бұрыннан өшігіп жүрген Шолан мен Мырзағұл «Есенаманның өлімі Сарыдан болды» деп жала жауып, солдат шақыртып, Ырғыз түрмесіне жаптырады. Расында, Есенаманның ажалы Сарыдан емес еді. Бұл – өз алдына бөлек әңгіме. Жетес бидің «Шолан болыс, не оның ағасы Есенаман сойылдан жығылады», деп болжауының мәнісі осы. Бұл – екі. Енді, үшіншісі, Мырзағұл болысқа келейік. Шыманның Мырзағұлы 18 жасынан Қызай еліне болыс болып сайланады. Ол ақкөңіл, кеңпейіл, дастарқанды екен. Еліне жағып, ұзақ жыл болыс болып тұрады.

Бір ақсақал қартайып қалған Жетес биге:

- Жетеке, сіздің алғашқы екі болжамыңыз келді, ал Мырзағұлға келгенде жаңылдыңыз ғой, - депті. Сонда Жетес би:

- Жоқ, мен жаңылмасам керек. «Дастарқан киесі» деген болады. Мырзағұлдың пейілі кең, дастарқаны мол. Таныса да, танымаса да әрі өткен, бері өткенді үйіне түсіріп, ас-сумен сыйлап жібереді. Онысы кең пейілі, дастарқан киесі сақтап жүр. Дәм-тұзы таусылғанда ол да жөнөйді. Бұл жалғанда мәңгілік өмір жоқ. Бәрі өткінші дүние ғой, - депті.

Жетес би айтқандай, Мырзағұл да ушыққан бір дау үстінде соққыға жығылып, түрмеге түсіп, содан қайтыс боп кетеді [1, 4 б.].

Міне, осы Жетес бидің жұрағаты Алдоңғардың әңгімесінен бидің шешендігінен бөлек, көріпкел, сәуегейлік қасиеті болғанын байқаймыз. Және мына оқиға ол қасиеттің жай сөз емес екенін дәлелдеп тұр. Жетес бидің бойында бірнеше ерекше қасиеттерінің бірі де осы жерден көрініп тұр.

Сәуегейлік – қазақ қоғамына жат ұғым емес. Ерте кездегі ата-бабаларымыз ел болашағын болжап, сәуегейлік айтып отырғаны және жоқ-жітігін де осы көріпкелдігі арқылы біліп отыратындары болған. Осыған қарап Жетес би бойындағы сәуегейлік қасиеттің тегін емес екенін айтсақ болады. Жетес би сөзден өрнек өрген шешен, түйін түйген ұста екенін білеміз. Ал жоғарыда әңгіме болған аңыздан кейін Жетес бидің тегін адам емес екенін анық байқаймыз. Болашақты тек сәуегейлік қасиетпен ғана болжады деп айту – би бойындағы басқа қасиетін тұмшалап қойғандай. Таяққа жығылып, ажалдарына пенде себепкер болған адамдардың мінездері мен сол кездегі басқа адамдармен қарым-қатынасын зерделей отырып, болашақтарының қандай болмағын айтқан бабамыз – қазіргінің тілімен айтқанда психолог болып отыр емес пе? Мінездің әсері адамның тағдырына үлкен әсері бар екенін, жақсы мінездің қорған, жаман мінездің сор болатынын Жетес би өз жауабы мен болжамы арқылы дәл түсіндіре алған.

Жетес би өз заманында «Тілді би» атанған дегенді айттық. Ендеше, осы сөздің бір айғағы ретінде мына әңгімені ұсынайын.

Шөмекей Бақа болыс Жетеске сұрақ қойыпты:

- Жетеке, Қазалы оязындағы халыққа аты шыққан зиялыларың кім, соны атасаң? –

депті. Сонда ол «Шөмекейде Бақа болыс, өзімнен асқан адам жоқ. Айтса мені айтар» деген оймен сұраған екен. Жетекем іркілмепті. Бекетай ояздың екіншісі (көмекшісі) екен.

Мөрлі би деп халық Бекетайды айтады,  
Таулы би деп Құлбарақты айтады,  
Пірлі би деп Дәрменкүлды айтады,  
Тілді би деп бізді айтып жүрген көрінеді ғой.

